- бөлімдік (фондық) – жалпы биосфералық, табиғи құбылыстарды бақылау.
- ұлттық
- аймақтық
- жергілікті (локальді)
- импактылық – ерекше қауіпті зоналар мен жергілікті антропогендік әсерлердің мониторингі.

Табиғатты халықаралық құқықты қорғау – бүкіл әлем халқы үшін өте қажетті. Қазіргі таңда мұнай өнімдерімен мұхиттар мен теңіздер ластануда. Ормандар жойылуда. Атмосфералық ауа 2 мыңға жуық заттектермен ластануда.



Тағы басқа да, осы аталған проблемалар қазір дүние жүзілік сипат алды. Барлық елдер бірлесіп, ұйымдасқан түрде осы табиғат қорғау жұмысын қолға алуға міндетті болып отыр.

ҚОҚ саласындағы халықаралық ынтымақтастық жиыны 1913ж. 17-19 қарашада Швейцарияның Бери қаласында өтті. 1945ж. БҰҰ-ның ФЛО ұйымы құрылды, оның орталығы Римде. 1946 ж.БҰҰ-ның Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы, сосын ВОЗ (әлемдік денсаулық сақтау) ұйымы құрылды, ЮНЕСКО-ның орталығы – Париж, ВОЗ-дың орталығы – Женева.

1948 ж. Халықаралық табиғат қорғау қоғамы құрылды.

1972 ж. Маусымда Стокгольмде табиғат қорғау жөнінде БҰҰ-ның конференциясы болды.

1973 ж. Үкіметаралық табиғат қорғау жөнінде Бағдарлама қабылданды (ЮНЕП).

1947 ж. 11 қазанда Вашингтонда әлемдік метеорология ұйымының конвенциясы қабылданды. Оған КР 1992 ж. 18 желтоқсанда қосылды.

1993 ж. наурызда Қызылордада Орта Азия мемлекеттерінің «Арал қоры» құрылды.

### Су ортасын сапалық бағалау

1) Қазақстанда тұщы су қоры көп, бірақ судың орналасу деңгейі біркелкі емес. Ірі өзендер негізінен солтүстік-шығыста – Ертіс, батыста – Орал, оңтүстікте – Сырдария. Ал көпшілік өзендер жазғы кезде кеуіп, қолшікке айналып кетеді.

Республикада барлығы 50 мыңға таяу көлдер бар, оның 32% тұщы, қалғаны жоғары минерализацияланған.

Іздің жер үсті суымыз минералдық құрамы бойынша 4 геохимиялық шет аймақтарға бөлінеді.

1.Каспий бассейніндегі сульфатты-хлоридті тұздардың жинақталу аймағы: Орал өзені, Жем өзені.

2.Карск теңізіне құйылатын бассейнінде хлоридті-сульфатты тұздардың жиналу аймағы: Ертіс, Есіл, Тобыл.

3.Арал теңізінің су құйылу бассейніндегі хлоридті-сульфаттық тұздардың жиналу аймағы: Сырдария өзені, Шеуілдір ауылы, Шарлара және Қызылорда, Арыс, Бадам өзендері.

4.Балқашқа құйылатын бассейнінде сода-сульфаттық тұздардың жиналу аймағы: Іле, Қаскелен, Ұзын Қарғалы, Қаратал, Көктерек, Аксеңгір, Күрті, Лепсі.

Қазақстанның жер асты сулары негізінен 3 түрге топтастырылған: 1)жарықтық 2)жарықтық-қыртыстық 3)қыртыстық.

2) Жер үсті су бассейнінің ластануының негізгі себебі - өнеркәсіп орындары, коммуналдық және ауылшаруашылықтары су қоймаларына газартылмаған немесе жеткіліксіз тазартылған жуынды сулардың ағызуы.

### Жер асты суларының ластану көздеріне жататындар:

- \*коммуналдық және тұрмыстық қалдықтар.
- \*өнеркәсіп өнімдерін сақтайтын қоймалар.
- \*химиялық заттар және тыңайтқыштар.
- \*жер асты суымен жалғаныптын құбырылар.
- \*тау-кен жыныстық жұмыстар
- \*ірі құрылыс учаскелер.

3) Мышьяк. Мыс және қорғасын кендерінен пайда болады. Ауыз судағы 0,2 мг/л мышьяқтың шоғырлануы терінің қауіпті ісігі дамуына 5% әсер етеді.

Хром. Адамның ас қорыту жүйесінің қатерлі ісігіне әкеледі, тері де, мұрып қуысында жара пайда болады.

Асбест. Асбест талшықтары тағаммен, сумен, кейде тыныс алу арқылы да организмге түседі.

Кадмий. Ауыз суда кадмий аз болады. Ол түсті металлургия, көмірмен, шаятмасса өндірісінен таралады. Ол қанға, миға т.б. ұлпаларға өтеді.

Қорғасын. Бұл суда әдетте 1-10 мкг/л аспайды.

Сынип. Бұл отын жиудан, электротехникалық және целлюлозалық өнеркәсіп т.б. өндірістердің жуында суларынан таралады.

Темір, марганец. Ауыз судың темірдің артық мөлшері оның органолептикалық қасиеттерін нашарлатады.

4) Судың құрамындағы тұздың мөлшеріне қарай суды тұщы, орташа тұзды, тұзды деп бөледі.

Су қоймалары мен бөгеттердегі суларға әсер ететін сарқынды сулардың негізгі сипаттамасы: қоспалардың минералдық құрамы, оттектің мөлшері, рН, зиянды қоспалардың концентрациясы.

Судың сапасы, ластану деңгейі үнемі бақылауға алынып отырады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ВОЗ) ауыз судың 100-ден астам сапалық көрсеткішіп ұсынады. Қазақстанда ауыз су сапасы МРМСТ 287482 бойынша 30 міндетті көрсеткішпен анықталады, әрбір категориялы суларға қояр талап та әртүрлі.

Су сапасы, онда улы заттардың болуында ғана емес, өзге шараларға да байланысты. Су қоймаларының экологиялық күйін бағалау белгілерінің ішінде бағалауынтық индекциялық әдіс үлкен орын алады. Бұл әдіс химиялық және физика-химиялық әдістермен қатар жер беті су сапасын бағалауда кең қолданылады.

5) Жер үсті суларының ластануын зерттеу үшін бақылау нүктелерін былайша тандайды: шайынды сулар келіп түсетін орындар, шайынды сулар құйылған жерден төмен өңірлер. Судың сапасы онда бактериялардың, вирустардың, ауыр металдардың т.б. болу болмауын анықтау мақсатында зерттелуі.

Мемлекеттік мониторингке су нысандарының жағдайын үнемі бақылау, жер үсті және жер асты суларының сандық, сапалық көрсеткіштерін бақылау кіреді.

## Экологиялық сарптама және қоршаған ортаны бағалау

1) Жаңа объектілерді жобалау кезінде ескі немесе ерте салынып, қайта іске қосылатын объектілер үшін, кейде іске жарамайтын объектілерді жою кезінде олардың қоршаған ортаға келтіретін әсерін бағалау керек болады.

ҚОӘБ ұғымы, қоршаған ортаға, адам денсаулығы мен аумақтылығына қатысты жобаланған әртүрлі іс-әрекеттердің әсерін болжауға, қажетті шешімдер алу үшін пайдалануға арналған.

Әлемдегі мемлекеттер қоршаған ортаға әсерді әр түрлі бағалайды. Экономикасы нашар дамыған мемлекеттер экологияны экономиканың дамуы үшін құрбан етеді. Сондықтан оларда қоршаған ортаның дастануы «кедейшіктен дастану», ал экономикасы күшті дамыған елдерде «молшылықтан дастанумен» сипатталады.

ҚОӘБ міндеттілігі:

1) ҚОӘБ қоршаған ортаға және халық денсаулығына әсер етуі мүмкін болатын кез келген қызмет түрлері үшін міндетті болып табылады.

2) Қоршаған ортаға әсер ететін жобаларды қоршаған ортаға әсерін бағаламай іске асыруға тыйым салынады.

3) Жобаланып жатқан және жұмыс істеп тұрған объектілердің перспективалық қызметі Кодекс талабына сай қоршаған ортаға әсерін бағалауға жатады.

2) ҚОӘБ мынадай кезеңдерге бөлінеді:

1. Аумақты бағалау, объектіні орналастыруға арналған учаскені дұрыс таңдауды негіздеу үшін орындалады.

2. Инвестициялардың негіздемесіне ілесе жасалатын қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау.

3. Әсерді бағалау, ол жобаны іске асырудан ықтимал әсерлерін, толық әсерлерін толық әрі кеңенді талдау мақсатында орындалады.

4. Жұмыс жобасы құрамындағы «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі, ол қоршаған ортаға қолысыз әсерлерді болдырмау туралы техникалық шешімдерді қамтиды.

5. Жобалаудан кейінгі талдау, ол әр түрлі қызметті жүзеге асыру басталғаннан кейін 1 жыл өткен соң объектінің қоршаған ортаға қауіпсіздігін растау және табиғат қорғау іс-шараларына түзету енгізу үшін жүзеге асырылады.

ҚОӘБ-ды әр түрлі топтардың уәкілдері қатысып әр қайсысы өз ролін атқарады. Мысалы, инициатор-инвестор ҚОӘБ жұмыстарын және зерттеулерді қаржыландырады. Инвестор-тапсырушы (заказчик) – ҚОӘБ-ды өткізу жұмыстарын ұйымдастырады. Разработчик (жетілдіріп-істеуші) – ЭС жүргізу үшін құжаттар дайындайды. Бұл құжатты негіздеме немесе мәлімдеме деп атайды. Мәлімдемеде құжаттарда қарастырылып отырған жобаның мақсаты, қызметі, міндеттері сол территориядағы экологиялық жағдай күйінің түрлі сипаттамалары, қоршаған ортаға мүмкін болатын әсері көрсетіледі.

3) ҚОӘБ жүргізгенде зерттеушілердің топтары мен проблемаларды теориялық, әрі практикалық жағынан жақсы білетін мамандармен бірге аралас саладағы адамдардың да қатысқаны жөн.

ҚОӘБ жүргізу тәртібі:

1. ҚОӘБ-ті лицензия алған жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады;

2. ҚОӘБ-ті ұйымдастыру мен қаржылайдыруды тапсырыс беруші қамтамасыз етеді;

3. ҚОӘБ-ті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар бағалау жүргізуден алынған нәтиженің дұрыстығы, толықтығы мен сапасы үшін тапсырыс беруші алдында жауапты;

4. ҚОӘБ рәсімін орындау кезінде ҚР экологиялық заңдар талаптарының сақталуын бақылауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

4) ҚОӘБ процесінде өсетін алынған тиіс әсерлердің түрлері:

1. Тікелей әсер. Бұл объектіні орналастыру ауданында жоспарланған негізгі және ілесіп қызмет түрлерінің тікелей тигізетін әсері.

2. Жаңа әсер. Бұл кейінгі факторлардан туындайтын қоршаған ортаға әсер.

3. Кумулятивті әсер. Мұнда өткен, қазіргі не алдын ала болжанатын істерден туындайтын әсер.

#### Экологиялық сараптама, оның мақсаты, міндеті және қызметі

ҚР-ның экологиялық сараптама туралы заңдары ҚР конституциясына негізделеді. Бұл заң ЭС саласындағы түрлі қатынастарды және қоршаған орта сапасының нормаларын нақты бекітіп қамтамасыз етуге негізделген. Бұл заңда ЭС – тің әрі мемлекеттік, әрі қоғамдық түрлеріне анықтама беріліп, олардың принциптері мен түрлерінің мазмұндары айқындалған.

Қазір Қазақстанның ЭС мен ҚОӘБ саласындағы заңдар жүйесі ҚР Конституциясының ЭС заңына сүйене отырып халықтың денсаулығына, қоршаған ортаға, олардың шаруашылық және т.б. қызметтеріне әсерін реттеу үшін қабылданған.

ЭС-тің мақсат – міндеттері объектілердегі жүргізілген сараптаманың толықтығын, жоспарланған басқару, шаруашылық, инвестициялық және оның басқа қызметінде қоршаған орта мен адам денсаулығына әлеуметтік, экономикалық және экологиялық әсерін талдау арқылы бағалауды қамтиды. ҚР стандарттары мен нормаларына сәйкес экологиялық талаптардың орындалып, ғылыми негізде талданып, қорытындыланып, тиісті органдарға ақпарат беріп, ол объектінің іске қосылуы жөніндегі қаулы шығару шешімдері алынады.

3 Бөл. ЭС мақсаттары:

1. Жоспарланып отырған басқарушылық, шаруашылық, инвестициялық және өзге де қызметті іске асырудың халық денсаулығы мен қоршаған ортаға ықтимал теріс зардаптарын болдырмау.

2. Жоспарланып отырған барлық қызметтерді іске асыру туралы шешім қабылданыр алындағы сатыларда, сондай – ақ оларды салу, әрі іске асыру процесінде олардың экологиялық талаптарға сай келуін бағалау.

3. Оңдіргіш күштерді орналастыру мен дамыту үшін экологиялық жай күйдің болжамдалып отырған өзгерістеріне сараптамалық бағалау жасау.

#### 4 Бап. ЭС міндеттері:

1. Жоспарланып отырған басқарушылық, шаруашылық, инвестициялық және өзге де қызметтің қоршаған орта мен халықтың денсаулығына әсерін жан – жақты талдау.

2. ЭС қорытындыларын әзірлеу, оларды шешім қабылдайтын ұйымдарға бөлу.

3. Үкіметтік экологиялық зардаптарға талдау жасап, объектілерде атқарылған істердің халық денсаулығы мен қоршаған ортаға әсер етуін бағалау.

4. ҚР заңдарындағы өз территориямызда қолданып жүрген стандарттардағы, нормалар мен ережелердегі экологиялық талаптардың сараптама жасалып отырған құжаттамада сақталуын тексеру.

#### ЭС объектілеріне мыналар жатады:

1. Табиғат пайдалану мәселелеріне қатысты жоспарлау алындағы, жобалау алындағы және жобалау құжаттамасы, шарттар мен келісім шарттар.

2. ҚР қоршаған ортаға әсер ететін, қабылдауға дайындалған иш жобалары мен басқа да құқықтық – нормативті актілер.

3. Шаруашылық қызметі кезінде табиғат ресурстарын пайдаланушының қоршаған ортаны және халықтың денсаулығын қорғау жөніндегі талаптардың орындалуын бағалау.

4. Табиғи ресурстарды пайдалану, лицензия мен сертификат алу үшін дайындалған және қоршаған ортаны қорғау құжаттары.

#### ЭС субъектілері мыналар болып табылады:

1. Стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық жауіпті объектілерде МЭС – ті ұйымдастыру және жүргізудегі қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық немесе жергілікті атқарушы органдар.

2. Әр түрлі объектілерде МЭС жүргізуге тарататын немесе орталық мемлекеттік органдар.

3. Облыстың, республикалық маңысы бар қаланың, астананың субъектілеріне МЭС – ті ұйымдастыру мен жүргізуде – облыстың, қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы.

4. Қоғамдық экологиялық бірлестіктер, ғылыми мекемелер және олар құратын экологиялық сараптама органдары.

5. Экологиялық сараптама жүргізуге тартқан тиісті лицензиясы бар жеке заңды тұлғалар.

#### 5 бап. ЭС принциптері:

1. МЭС жүргізудің міндеттілігі;

2. ЭС тұжырымдамасының объективтілігі мен ғылыми негізділігі;

3. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомствалардың, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың өзара іс – қимылы;



4. Сараптама органдары мен сарапшылардың өз өкілеттігін жүзеге асырған кезде тәуелсіз болуы;

5. ЭС-тің көшенділігі мен оның алуан түрлі болуы;

6. Жариялылық;

7. Экологиялық және медициналық – биологиялық мүдделердің басымдығы.

9 баш. ЭС-тің жариялылығы.

1. Объектілерге ЭС жүргізудің бастамалары оның жүргізілетіні туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлауға міндетті. Сонымен қатар ЭС – ті жүзеге асыратын орган қажет болған жағдайда хабарлануға міндетті.

2. ЭС жүргізген сараптама органдары ол аяқталған соң, халықтың талап етуімен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де түрде 1 ай мерзімінде ЭС тұжырымдары туралы хабарлайды.

### Қоғамдық экологиялық сараптама (ҚЭС)

#### 60-Бап.

1. Қоғамдық экологиялық сараптама – қоғамдық мекемелердің ұсынысымен құрылған сараптама комиссияларының ерікті түрде жүргізетін іс-әрекеті.

2. Қоғамдық экологиялық сараптау – бұл қоршаған ортадағы алам денсаулығын, оның жақсы өмірін сақтау үшін кез-келген шаруашылықтың немесе т.б. іс-әрекетін қарастырады.

3. Қоғамдық экологиялық сараптаманың инициаторы бола алады кез-келген жеке адам немесе қоғамдық ұйымдар.

#### 61-Бап. Қоғамдық экологиялық сараптаманың ұйымдастырушысы

1. Қоғамдық экологиялық сараптаманың ұйымдастырушысы – бұл қоғамдық ұйымдардан қоғамдық экологиялық сараптама жүргізілуі үшін өтініш беріледі және сараптау комиссияларының ұйымдастыру іс-әрекетінің шаралары қабылданады.

2. Қоғамдық экологиялық сараптаманың ұйымдастырушыларының құқықтары:

А) Қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу үшін объектінің тапсырыс берушісінен қажетті құжаттар мен материалдарды сұрайды

Б) Сараптама жүргізу үшін сарап комиссияларын құрады.

В) Жергілікті атқарушы органдары мен финанс мекемелеріне қоғамдық экологиялық сараптама қорығындысын өткізеді немесе береді.

3. Қоғамдық экологиялық сараптаманың ұйымдастырушысы міндетті:

А) Қоғамдық экологиялық сараптаманы ҚР экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес ұйымдастыруға.

Б) Қоғамдық экологиялық сараптама мен қоғамдық ойларын жүргізілуі мен нәтижелерін хабарлап айтып отыруға.

В) Барлық қызығатындарға қоғамдық экологиялық сараптама қорығындысын ашық түрде өткізуге.

*62-Бал.* Қоғамдық экологиялық сараптамаың сарапшылары

1. Қоғамдық экологиялық сараптамаың сарапшысы қаралатын мәселе бойынша ғылыми және практикалық білімі бар жеке адам болып табылады.

2. Қоғамдық экологиялық сараптамаың сарапшылары бола алмайтындар:

а) Қоғамдық экологиялық сараптама объектісінің тапсырыс беруші өкілдері

б) Қоғамдық экологиялық сараптама объектілерін жетілдіріп- істеуші жасайтын (разработчик) өкілдері

в) Қоғамдық экологиялық сараптама объектісінің тапсырыс берушілерімен оны жасайтын өкілдерімен еңбектік және келісімдік қатынастары бар жеке адамдар.

г) Қоғамдық экологиялық сараптама объектісінің тапсырыс берушілерімен оны жасайтын өкілдерімен келісім қатынастары бар құқықтық адамдар (юридическое лицо)

3. ҚР-ның заңына сәйкес және ҚЭС -ң ұйымдастырушысының берген тапсырмасы бойынша сарапшылар сарап жүргізуге қатысады.

4. ҚЭС-ң сарапшысы сарап жүргізгенде негізгі ойын яғни ерекше пікірін білдіру керек. Ол сараптамаың қорытындысына кіреді.

5. ҚЭС сарапшысы міндетті:

А) ҚР экологиялық заңдылықтарының талаптарын орындауға

Б) Сараптаудағы өз қорытындыларын негіздеуге және сараптын объективті өткізуіне

В) Мәліметтердің конфиденциалдығына және материалдардың сақталуын қамтамасыз етуге.

*63-Бал.* ҚЭС объектілерінің тапсырыс берушісінің (заказчик) міндеттері мен құқығы:

1. ҚЭС объектілерінің тапсырыс берушісі болып – басқару, шаруашылық инвестициялық және т.б. іс-әрекеттерің жеке немесе құқықтық өкілдері табылады.

2. ҚЭС объектілерінің тапсырыс берушісінің құқықтары:

а) қарастырылатын іс-әрекеттің құжаттар мазмұнындағы мәліметтердің заңмен қорғауын қорғауға құқылы.

б) ҚЭС жүргізу нәтижелерінің ақпаратын алуға құқылы

в) ҚЭС жүргізудегі өткізілетін қоғамдық іс-шараларға қатысуға құқылы.

г) Жергілікті атқарушы органдарға, ҚЭС қорытындыларын түсіндіруге, өз ойларын комментари жасауға құқылы.

3. ҚЭС объектісінің тапсырыс берушісі міндетті:

а) ҚЭС - ға қажетті құжаттар мен материалдарды беруге

б) ҚЭС-ның қорытындысында көрсетілген рекомендацияға байланысты қоршаған ортаны қорғау органдарына жазбаша жауап беруге міндетті.

*64-Бал.* ҚЭС сараптаманы қаржыландыру:

1. ҚЭС-ны ұйымдастырып және оны жүргізетін қоғамдық мекемелердің өз қаржысын қаржыландыру жүргізледі.

2. Шексіз (безвозмездной) негіздегі гранттар, ерікті түрде ақша беретіндер есебінен

65-Бап. Қоғамдық экологиялық сараптаманы тіркеу реттілігі: (иорддок регистраши)

1. ҚЭС сараптамасы-сарап ұйымдастырушының өтінішін тіркеген жағдайда жүргізіледі.

2. ҚЭС-ны тіркеген өтініш жергілікті әкімшілік органы берелі

3. Өтініште көрсетілуі керек:

а) ҚЭС жүргізілетін мекеменің аты, мекен-жайы.

б) ҚЭС ұйымдастырушысының уставында көрсетілген іс-әрекеттер сипаты

в) ҚЭС сараптамасы комиссиясының құрамы туралы мәліметтер.

г) ҚЭС объектісінің мәліметтері және ҚЭС өткізу мерзімдері

4. Жергілікті атқарушы органдар өтініш бергеннен кейін 10 күн ішінде оны тіркеу керек немесе кері қайтару керек (отказ в регистраши)

5. Өтініш тіркеу мынандай жағдайда кері қайтарылмай немесе тіркелмейді:

а) Сол объект бойынша ҚЭС алдында екі рет жүргізілген болса

б) Сол объектінің мемлекеттік, коммерциялық және басқа заңмен қорғалатын құпиясы бар мәліметтер болса.

в) ҚЭС ұйымдастырушының жарғысы (устаы) сараптама жүргізілетін объектінің іс-әрекетін қарастырмаса

г) Сол қарастырылатын ҚЭС объектісінің жұмысын мемлекеттік экологиялық сараптау жұмысын жүргізіп, аяқтаған жағдайда

6. Жергілікті атқарушы орган өтінішті тіркемегені туралы ҚЭС ұйымдастырушысының талабына жазбаша түрде тіркемеу себебін көрсетіп жауап берелі.

66-Бап. ҚЭС сараптама қорытындысы:

1. ҚЭС нәтижелері ҚЭС қорытындысы түрінде қабылданады

2. ҚЭС қорытындысында көрсетілуі тиіс қорытынды:

а) Экологиялық сараптама ұйымдастырушысының мекен-жайы және мекеме аттары.

б) ҚЭС объектісінің тұрғылықты жері және аты, тапсырыс берушінің толық тегі, аты-жөні

в) ҚЭС жүргізу өтінішінің тіркеу мәліметі жергілікті атқарушы органдар көрсетілгендігі туралы.

г) ҚЭС-ны өткізу мерзімі.

д) ҚЭС өткізген кездегі барлық құжаттар.

е) ҚЭС-ның сарап комиссиясы мүшелерінің құрамы

е) Сараптама нәтижесі жазып көрсетілуі тиіс

ж) ҚЭС ұйымдастырушының ҚЭС жүргізілгендегі тапсырмаларын жазу.

з) ҚЭС процесін сипаттау және қоғамның әсерін, тапсырыс берушінің әсерлерін сипаттап көрсету

ҚЭС қорытындысында көрсетілуі тиіс:

а) ҚР-ның экологиялық заңдылығының талаптарына сәйкес ҚЭС объектілерінің сәйкестік қорытындылары.

б) ҚОЭБ сапасы

в) Сол объектіге берілген сарапшылардың ойлары

г) Сол объектіге мемлекеттік экологиялық сараптаманың берген  
рекомендациясы.

3. Қорытынды соңында ҚЭС жүргізген ұйымдастырушының төраға және  
сарап комиссияларының мүшелері қол қояды.

4. ҚЭС қорытындысы жіберіледі:

- а) жергілікті атқарушы органдарға
- б) сол объектінің мемлекеттік экологиялық сараптайтын органға
- в) тапсырыс берушіге
- г) ҚЭС шешімін шығарушы органға
- д) жалпы ақпарат таритатын өкілдерге

67-Бап. ҚЭС нәтижесін қолдану:

1. Тапсырыс беруші бір ай ішінде құжаттарды алғаннан кейін, онымен  
танысып ары қарай мемлекеттік экологиялық сараптау органдарына жеткізуі  
тiіс.

2. Бұл жасалған қорытындылар «Қоршаған ортаны қорғау» органдарына  
жіберіледі.

### Экологиялық аудит. Экологиялық менеджменттің аудит жүйесі, экологиялық аудит түсінігі

1. Экологиялық аудит дегеніміз – жұмыс жасап тұрған объектіге  
жүргізілген экологиялық сараптама. Бұл ТМД елдерінде және Қазақстанда ЭС  
жобалау құжаттары үшін жүргізіледі. ҚОӨБ зерттеу ретінде, тек жобалауға  
лейінгі сатыда болған материалдар үшін жүргізілді.

Сонымен, «Экологиялық аудит» жұмыс істеп тұрған халық шаруашылық  
нысанын тексеруді көздейтін сараптық шара.

Экологиялық аудиттің (ЭА) мынадай екі анықтамасы бар:

1. Ұйымдардың, азаматтардың шаруашылық және басқа да қызметтерін  
олардың қоршаған ортаны қорғау нормалары мен ережелерін, экологиялық  
талаптарды сақтауы, табиғи ресурстарды пайдалану және қайта жаңғырту  
жөніндегі есептерді дұрыс құрастыруы мақсатында жүргізілетін тәуелсіз  
тексеру

2. Кәсіпкерлік немесе коммерциялық қызмет, мәні талданып отырған  
кәсіпорынның экономикалық жағдайы туралы ақпаратты бағалау.

Экологиялық аудитті жүргізу кезінде:

1. Қоршаған ортаға әсер туралы ұсынылған есептің дұрыстығын тексереді.

2. Өндірістік – технологиялық процесстің экологиялық талаптарға сай  
келуін бағалайды.

3. Бақылау жүйесі мен өндірістік мониторингтің экологиялық талаптарға  
сай келуін бағалайды.

4. Қызметкерлердің біліктілік деңгейін бағалау үшін арнайы зерттеулер  
мен өлшемдер жасалуы мүмкін

2. Экологиялық аудит түрлері:

1. Міндетті аудит

2. Бастаманылық аудит

Міндетті аудитті жүргізу үшін мынадай негіздер болу керек:

А) жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметінен қоршаған ортаға келтірілген расталған елеулі залалы.

Б) жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпсіз түрлерін жүзеге асыратын табиғат пайдаланушыны қайта ұйымдастыру.

В) Табиғат пайдаланушы – заңды тұлғалардың банкротқа ұшырауы

Бастамашылық аудит – бастамашыны және экологиялық аудитордың немесе аудиторлық ұйымның арасындағы ЭА-ті жүргізуге арналған бастамасы бойынша жүргізіледі. Мұнда ЭА-нің нақты міндеттері, мерзімдері, көлемі ескеріледі.

ЭА-ге тапсырыс берушілер мыналар болуы мүмкін:

- Мүдделі жеке және заңды тұлғалар
- Инвесторлар
- Сақтандыру ұйымдар
- Мемлекеттік органдар
- Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган

3. ЭА – экономикалық аудитті жоспарға сәйкес аудитор жасайды. Ол тапсырыс беруші мен аудиттелетін субъектімен келісіледі.

ЭА-ті жүргізудің сатылары мыналар болып табылады:

1. Аудиттелетін субъектімен алдын-ала танысу
2. Аудит жүргізу жоспарын әзірлеу
3. Аудитке қажетті ақпараттар жинау
4. Арнайы зерттеулер жүргізу
5. Аудиттелетін субъектіні қарап тексеру және оның қызметкерлеріне сауал жүргізу

6. Экологиялық тәуекелдерді айқындау
7. Экологиялық қауіпсіздік деңгейін көтеру жөнінде ұсыныстар әзірлеу
8. Аудиторлық есеп жасау

Аудитор – аудит жүргізу жоспарын әзірлеу үшін аудиттелетін субъектінің ережеліктерімен алдын-ала танысады.

Аудитті қарап тексеру барысында мыналар анықталуы тиіс:

1. Аудиттелетін субъектінің жоспар – схемаға, жалпы технологиялық сипаттамаға сәйкес келуі
2. Аудиттелетін субъектінің құжатамасында қоршаған ортаға әсер ету көздері көрсетілуінің толымдылығы.
3. Аудиттелетін субъектінің ықтимал әсер ету аймағының жай-күйі
4. Объектіні пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі техникалық талаптардың сақталуы
5. Құжаттамаға кірмеген мән жайлардың болуы
6. Өндірістік объектілерді есепке алу

Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар арнайы зерттеулерді мынадай жағдайда жүргізеді:

- Өндірістік-экологиялық бақылауды жүргізудегі есептілікті растау қажет болғанда.



- Аудиттелген субъектінің қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына теріс әсері болғанда

- Қоршаған ортаға әсердің құжаттамаға кірмеген көздері анықталғанда.

Міндетті экономикалық аудитті жүргізу туралы шешімді көзделген мәжбүрліктер белгіленген кезден бастап бір ай мерзім ішінде қабылдайды.

Міндетті аудиттің қорытындысында көрсетілуі керек мыналардың:

1. Аудиттелетін субъектінің тегі, аты, әкесінің аты немесе толық атауы

2. Субъектінің орналасқан жері

3. Субъектінің қоршаған орта үшін ықтимал тәуекелдердің сипаты.

4. Аудит жүргізуге негіз

5. Аудиттің қорытындысын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс ету мерзімі.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға лицензиясы бар жеке тұлға экологиялық аудитор бола алады. Ол аудиторлық қызметті дара кәсіпкер не аудиторлық ұйымның қызметкері ретінде жүзеге асыруға құқылы. Ал экологиялық аудиторлық ұйым- ЖШС-ның (Жауапкершілігі шектеулі серіктестік) құрамында құрылған және қызметтер көрсетуге лицензия алған коммерциялық ұйым.

Аудиторлардың саны – үш адамнан кем болмауы керек.

Аудиторлар палатасы- аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың құқықтарын қорғау үшін құрылады. Бұл палата аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың қызметін реттейді. Халықаралық тәжірибе негізінде ҚР-ның экологиялық аудит стандарттарын әзірлейді.

4. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар міндетті:

1. Аудиттелген субъектіден алынған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге.

2. Аудитті жүргізудің мүмкін еместігі туралы хабарлауға

3. Аудит нәтижесінде құжаттардың талаптарға сай келмегені жөнінде хабарлауға

4. Аудитті жүргізу кезінде алынған құпия болып табылатын мәліметтердің құпиялығын сақтауға.

5. Қорғау саласындағы уәкілетті органға аудитті нәтижесінде анықталған ҚР-н заңының бұзылуы жөнінде хабарлауға

6. Аудит жүргізуге арналған шарт бойынша міндеттемелерден туындайтын талаптарды орындауға

5. Экономикалық менеджмент жүйелерінің аудиті- бастамашылық аудит болып табылады.

Экологиялық менеджмент жүйелері аудитінің нәтижелері бойынша жеке және заңды тұлғалар ҚР-ның техникалық реттеу туралы заңына сәйкес қоршаған ортаны қорғауды басқарудың енгізілген жүйесінің халықаралық стандарттарға сәйкестігін растайтын құжатты ала алады.

## Қоршаған орта қауіпсіздігін қамтамасыз ету

1. Экологиялық қауіпсіздік туралы мемлекеттік саясаттың мақсаты мынадай: табиғи жүйелердің, қоғамның мүдделері мен жеке адамдар құқығының қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлердің нәтижесінде туындайтын қауіп қатерлерден қорғалуын қамтамасыз ету

Ал экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

- Табиғи ластануларды, суе бассейнінің ластануын радиактивті, бактериологиялық және химиялық ластануларды болдырмау

- Трансшекаралық ластануларды жою және оның алдын алу

- Су ресурстары ластануының алдын алу

- Экологиялық аяғат аймақтарын, сынақ кешендері мен әскери ғарыш полигондарын жақсарту

- Биосфертілікті сақтау және жердің шөлейттенуі мен тозуының деградацияға ұшыраудың алдын алу

- Жердің озон қабатының бұзылуында, климаттың өзгеруіне әкелетін антропогендік әсерлерді азайту

- Табиғи және ХХІ ғасырдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу

- Тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтардың жинақталу көлемдерін қысқарту

Ал енді осы міндеттерді шешу үшін мынадай жағдайларға қол жеткізуіміз керек:

1. Табиғатты қорғау мен оны тиімді пайдаланудың және экологиялық сараптамашының рұқсат ету жүйелерін жақсарту

2. ҚР заңдарын, табиғат пайдаланудағы мемлекеттік экологиялық бақылаудың және мониторингтің экономикалық жақтарын жетілдіру, әрі оны бір жүйеге келтіру

3. Экологиялық білім беру, үгіт –насихат, экологиялық статистика және т.б. саладағы ғылыми зерттеу жұмыстарын дамыту

4. Халықаралық ынтымақтастықты күшейту

2. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мынадай принциптері белгілі, олар:

- Қоршаған орта мен адам денсаулығына келтірілген залалды өтеудің міндеттілігі (Оны табиғат пайдаланушылар мен тастаушылар төлейді)

- Экологиялық қауіпсіздіктің территориялық міндеттеріндегі экологиялық қатерлердің алдын алудың әлемдік және ұлттық мақсаттарына бағынатындығы

- Табиғи ресурстарды пайдаланудың, қоршаған ортаны сапалы басқарудың шектеулері мен нормативтердің және өзге де шаруашылық іс -әрекеттердің, ережелерінің ғылыми негізділігі

- Шаруашылық және өзге де іс-әрекеттердің адам денсаулығы мен қоршаған ортаға әсерін экологиялық және санитарлық эпидемиологиялық сараптамаларымен бағалудың міндеттілігі

- Өндірістік күштерді дамыту мен орналастырудың экологиялық-экономикалық теңгерімділігі (Экологиялық сымдылық пен аумақтық жоспарлау принциптері)

- Халықаралық құқық нормаларын сақтау
- Халықтың экологиялық ақпаратқа қол жетімдігін қамтамасыз ету
- Халықтың экологиялық мәселелерді шешуге қатысуы

3. Қазақстанда табиғат пен оның байлықтары – ҚР халықтарының байлығы. ҚР экологиялық заңдары қазіргі және болашақ ұрпақтардың мүдделері үшін экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, шаруашылық және өмір де қызметін табиғи экологиялық жүйелерге зиянды әсерін болдырмауға, алуан түрлілікті сақтау мен табиғатты ұтымды пайдалануды ұйымдастыруға бағытталған.

«Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы» 1996 ж. 30 сәуірде ҚР Президенті жарлығымен мақұлданды. Осы кезден бастап мемлекет дамуының стратегиялық құжаттары әзірленді, табиғат қорғау заңдарының негізі құралды, көптеген халықаралық конвенцияларға қол қойылды, табиғат қорғау қызметін басқару жүйесі құрылды.

Мысалы 1997 ж. «Экологиялық сараптама туралы», «Қоршаған ортаны қорғау», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңдар, ал 2002 ж. «Атмосфералық ауаны қорғау туралы» заң қабылданды. 1995 ж. «Мұнай туралы», 1996 ж. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Президенттің жарлықтары шықты, 2003 ж. Орман, Су, Жер кодекстері қабылданды. 19 Халықаралық конвенцияға қол қойылды, ұлттық жоспарлар әзірленді, экологиялық сараптама жүйесі, рұқсат ету мен бақылау инспекциялық жұмыстар жолға қойылды. 1992 ж. Рио-де-Жанейрода ХХІ ғ. күн тәртібінің ережелері мен қоршаған орта және даму туралы декларация, 2002 ж. Йоханнесбургте тұрақты даму жөнінде әлемдік саммит болды. Осыларды ескере отырып экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы «Қазақстан-2030» стратегиясы дамуы үшін үш кезеңге бөлініп:

1. 2004-2007 ж.ж. - ҚО-ның ластану деңгейін төмендету
2. 2008-2010 ж.ж. - ҚО-ның сапа көрсеткіштерін тұрақтандыру
3. 2010-2015 ж.ж. - ҚО-ның сапасын жақсарту және тұрақты дамуға қол жеткізу.

1948 ж. БҰҰ қабылдаған «Адам құқығының жалпыға бірдей Декларациясына» әлемнің көп мемлекеттерінің конституциялары негізделген. Халықаралық дәрежеде адамның қолайлы ортаға деген құқығын БҰҰ-ның өртүрлі бөлімдері қамтамасыз етеді. Олар ҚО жағдайын сауықтыруға бағдарламалар жасайды.

Белгіленген бағдарламалардың жүзеге асуының 1972 ж. Құрылған БҰҰ-ның қоршаған орта бойынша бағдарламасы (ЮНЕП) және БҰҰ-ның ҚО мен даму жөніндегі Халықаралық Комиссиясы жалпы басшылық жасайды. Қазақстан 1995 ж. Климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ үлгісі Конвенциясын бекітті, ал 1999 ж. осы Конвенцияға Киото Хаттамасына қол қойды. 1972 ж. 16-маусымда Стокгольмде қабылданған адамды қоршаған ортаның мәселелері туралы БҰҰ Конференциясы болды.

ҚО және даму бойынша БҰҰ-ның Конференциясы туралы 1989 ж. 22.XII. Бас Ассамблеясының 44/228 қаулысы, климатты қорғау туралы 1988 ж. 6. XII. 45/53 қаулысы, 1989 ж. 19.XII. «Қуанышты қарсы күрес» қаулылары болды. 1990 ж. 7.XII. дүниежүзілік климаттық конференцияда қабылданған министрлердің Декларациясы болды.

4. Табиғат пайдалануға берілетін рұқсат ҚО- ны қорғау саласындағы арнайы уәкілетті мемлекеттік орган табиғат пайдаланушыларға беретін және табиғат пайдаланушының табиғи ресурстарды пайдалануға немесе алып қоюға, ластайтын заттарды шығару мен тастауға, қалдықтарды орналастыруға, табиғат пайдаланудың нақты мерзімі мен көлемі, нормалары, ережелері және қолданылатын технологиясы көрсетілген құқығын қуалайдыратын құжат болып табылады.

Қазақстандық әрбір азаматтың ҚО-ны қорғау саласында мынандай құқықтары бар:

- Белгіленген тәртіп пен табиғи ресурстарды пайдалануға, оларды қорғауға, сауықтыруға;

- ҚО-ны қорғау жөніндегі жиылыстарға, митингілерге, шеру мен демонстрацияларға референдумға қатысуға;

- ҚО-ны қорғайтын қоғамдық бірлестіктер мен қоғамдық қорлар құруға;

- Қоғамдық экологиялық сараптама өткізу туралы ұсыныс жасап, оған қатысуға;

- ҚО проблемасы бойынша мемлекеттік органдарға, ұйымдарға арыздар, шағымдар беруге;

- Өз денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зақалдың өтелуі туралы сотқа талап- арыз беруге;

- Заң актілері мен өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген т.б. құқықтарын жүзеге асыруға

- ҚО мен адам денсаулығына теріс ықпал жасайтын шаруашылықтардың қызметін шектеуге, тоқтатуға сот арқылы талап етуге;

Табиғат пайдалану шарты (келісім-шарты) – табиғат пайдаланушы мен атқарушы органдар немесе ҚР Үкіметі арасында заңдарда белгіленген тәртіппен жасалады. Егер табиғи ресурстарды пайдаланудағы жекелеген түрлерді жүзеге асыруда мемлекеттік лицензиялау талап етілетін болса, онда лицензиясы жоқ табиғат пайдаланушылардың келісім- шарты жарымсыз деп табылады.

### Табиғи ресурстарды пайдалану жолдары

Табиғатты тиімді пайдалану мен қоршаған табиғи ортаны қорғаудың нәтижелі құралдары болып – лицензиялар, келісім – шарттар, лимиттер табылады.

Лицензия (рұқсат) дегеніміз – табиғат ресурстарын белгілеген уақыт мерзіміне дейін пайдалануға бергенді қуалайдыратын құжат.

Кешенді табиғат пайдаланудың лицензияда көрсетілгендер мыналар:

1) пайдалануға рұқсат етілген табиғи объектілердің негізгі сипаттамасы

- 2) табиғат пайдаланушылар туралы мәліметтер;
- 3) объектіні пайдаланудағы шектеулер мен құқықтық көлемдері;
- 4) табиғат пайдалану құқығындағы төлем төлесудің тәртібі мен шарттары;
- 5) лицензияның жарамдылық мерзімдері және жұмысын бастау мерзімі.

Лицензия экономикалық сипатта болады, онда табиғат ресурстарын шаруашылық іс әрекетке пайдалануға берілген рұқсаттар.

ҚР-ың табиғат қорғау органдары кешенді түрде табиғатты пайдаланушыларға лицензияны 1 жылға береді.

Табиғи ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды пайдаланудың сарқылмау принциптері – кешенді түрде табиғат пайдалануда ғана сақталуы мүмкін. Егер 1 ресурсты пайдалану – 2-ші ресурстарға немесе басқаларына зиянды әсерін тигізбеген жағдайда. Сондықтан табиғат пайдаланушы лицензиясын алып, тиісті сараптамадан өтін жобаланған шаруашылық іс-әрекеті үшін кешенді табиғат пайдалану үшін келісім – шарт толтыралаы. Келісім – шартта мыналар қарастырылуы қажет: 1) табиғат ресурстарын пайдаланудың тәртібі мен жағдайлары; 2) табиғат пайдаланушының міндеттері мен құқығы; 3) табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төлем көлемдері; 4) екіжақты жауапкершілік және зиянды өтеу.

ҚР заңдарымен келісім – шарттардың басқа да түрлері табиғат пайдалану сферасында қарастырылған.

Табиғат пайдалануға арналған лимиттер (шектеуліктер) – бұл табиғи ресурстарды пайдаланудағы шектелген алынған көлемдер үшін және зиянды әсерлер; төгінділер, шығарындыларды, өндірістік қаңдықтарды орналастырудағы мекемелер үшін белгіленген мерзімге бекітіледі.

Табиғи объект жағдайларын есепке ала отырып, табиғат пайдалануға лимиттер белгіленеді. Табиғи ресурстарды нормадан асырын пайдаланғанда қосымша төлемдер қарастырылады.

Өнеркәсіптік орындары территориясындағы табиғат пайдалану объектілері болып су объектілері және кен табылады.

ҚР су кодексіне сәйкес су объектілерін пайдалану құқығы су пайдалануға алынған лицензияның негізінде және су объектілерін пайдалануға берілген лицензияға сәйкес келісім – шарттардың негізінде беріледі. Бұл су объектілерін пайдалану келісім – шарттарды мемлекеттік тіркеуден өткен соң ғана жүзеге асады.

Су пайдаланудағы лицензияны су қорын қорғау мен пайдалану басқармасының арнайы атқарушы органы береді.

Су пайдаланудағы лицензияны беру тәртібі ҚР Үкіметінің қаулысымен анықталады.

Су пайдалану үшін мына төмендегілерге лицензия алудың қажеті жоқ:

- жалпы су пайдалануға;
- кіші кемелер жүзуі үшін су объектілерін пайдалануға;
- аус кемелерінің бір рет қонуы мен ұшуына;
- өрт сөндіру үшін су пайдалануға;



- жер участогын пайдаланушылар мен жекеменшіктер тұрмыстық насосты пайдалана отырып, жекелеген скважиналар мен құдықтардан су жинайтындыр үшін;
- айқындалған су объектілерін пайдалануға.

Су пайдалануға лицензия алу үшін отініш беруді лицензия беретін органдарға жалпы құжаттарымен қоса, мына төмендегі арнайы құжаттарды еткізуі керек:

- су пайдалануы үшін жер телімі бөлінгендігі жөніндегі келісілген құжаттар.
- Су объектілері, қоршау қадалары, жер бөлу шекаралары көрсетілген мекемелердің бас жоспары.
- Аялтық жағдайлар туа қалатын кездегі шаралары.

Су пайдаланушы суды пайдалануға лицензия алғаннан кейін, ол су объектілерін пайдалану келісім – шартын жасайды.

Келісім – шартта суды ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді пайдаланылуы көрсетіледі.

Сонымен, қорға келе су пайдаланушының су объектілерін пайдалану құқығы 2 құжаты бар болғанда ғана жүзеге асады, олар:

- 1) су пайдалану лицензиясы;
- 2) су объектілерін пайдалану келісім – шарты.

ҚР территориясының кендер, яғни жер асты кеңістігі мен қазба байлықтар мемлекет меншігі болып табылады. Кенді пайдалану – лицензия түрінде арнайы рұқсаттармен беріледі. Мұнда мерзімі көрсетіліп, мақсатына сәйкес жер кендерін пайдалануға оның иесінің куәландырылған құқығы көрсетіледі.

Мемлекеттің лицензиялаудың негізгі міндеті, ол:

- Табиғи байлық – кендерді қорғау және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;
- Минералдық – пикізат базасын өндіру;
- Халықтың әлеуметтік – экономикалық, экологиялық талаптарын орындау.

Лицензияны ҚР Үкіметінің арнайы атқарушы органдары береді

Лицензияда мыналар көрсетілуі тиіс:

- Лицензия алған кен пайдаланушылар туралы мәліметтер;
- Кен пайдалануға байланысты мақсатты жұмыстарды бекіту туралы мәліметтер;
- Кен участоқтарының кеңістіктік шекараларын белгілеу нұсқаны;
- Кен өндіру үшін бөлінген жер участоғы шекарасының белгіленуі;
- Лицензияның әрекет мерзімі және жұмыс бастау уақыты
- Минералдық пикізаттарды өндірудің келісілген деңгейі, соғанмен бірге өндірісіндерді бөлісу келісімдері;
- Кен пайдалану процесінде алынған геологиялық ақпараттар құқығы туралы келісімдер;
- ҚР бекіткен заңдарын орындау жағдайлары және қоршаған орта мен табиғат байлықтарын қорғау талаптарының стандарттары;

- Лицензия мерзімін ұзарту жағдайлары;
- Өнеркәсіптік ақаба сулар мен өндіріс қалдықтарының кендерге, яғни қазба байлықтарға шығарылған түрлері мен көлемі.

Мына төмендегі жұмыстарға лицензия алудың қажеті жоқ:

- жергілікті геологиялық – геофизикалық жұмыстарды жүргізуге
- геологиялық түсірілімдерге
- инженерлік – геологиялық барлауға
- ғылыми – зерттеу, палеонтологиялық және т.б. жұмыстарға
- жер сілкінісіне болжауға арналған геологиялық істерге
- табиғат ортасы мониторингін жүргізу мен құруға
- жер асты сулар режимін және т.б. жұмыстарды бақылауға.

### Экологиялық сертификация түсінігі

1. Қазіргі уақытта Қазақстанда экологиялық сертификаттау дамымаған. Бүгінгі жіктеу бойынша, сертификаттау саласына жататын объектілер 3 топқа бөлінеді:

1) Өнім процесстер, жұмыстар мен қызметтер, олар туралы экологиялық талаптар мемлекеттік стандарттарға енгізілген және ҚР «Сертификаттау» заңына сәйкес міндетті түрде сертификаттаудан өтеді.

2) ҚР мемлекеттік сертификаттау жүйесі ережесі бойынша, экологиялық сертификатына байланысты сертификаттауға жатпайтын объектілер.

3) Сертификациялық және нормативтік талаптары әлі жасалынбаған қоршаған табиғи орта (биосфера, атмосфера, гидросфера, литосфера).

Бұл алғашқы екі объектінің сертификатталуы төжелуде, ол қоршаған табиғи орта жағдайын бағалаудағы түсінбеушіліктен туып отыр. Тағы да оның себептері: әртүрлі мекемелердің бағалары мәліметтері сан қыш болғандықтан, оларды салыстыру қиындыққа әкеп отыр. Мәліметтердің дәлдігіне олардың қосптік, техникалық және әдістемелік жағынан қамтылуы да әсерін тигізеді. Қазақстандағы бұл қоршаған орта сапасын анықтауға мына ұйымдар қатысады: табиғат қорғау органдары, ғылыми орталықтар, ғылыми-зерттеу институттары, табиғат пайдаланушылар, жергілікті өзі-өзі басқару органдары, бақылау органдары.

Міне, осы ұйымдардың мәліметтері топтастырылуы қажет.

Сонымен, экологиялық сертификаттаудың негізгі мақсаты мынада, ол қоршаған табиғи ортаны төменгі дәрежеде пастайтын, өндірілген өнімнің адам денсаулығына, әрбір тұтынушының өміріне, тамақтану ортасындағы өнімнің зиянсыздығына кепілдік бере алатын өнімдер мен туарларды өндірушілерді міндеттендіру үшін көрсетілетін қызмет.

2. Экологиялық сертификаттаудың негізгі мәселесі – қалдықтар. Бұл жағдайдағы сертификаттау қалдықтарының зиянды әсерлерін болдырмау және оларды мүмкіндігінше қосымша шикізат ретінде пайдала асыруға бағытталған. Біздің ел – Қазақстанда қалдықтардың түрлері мен категориялары үшін халықаралық стандарттарды тікелей қолдану жүйесін дамытудың маңызы зор.

Оның себебі ол сапа жүйесі мен өндірісті сертификаттаумен тікелей байланысты.

**Экологиялық сертификациялау сәйкестігі** дегеніміз - сертификатталатын объектінің оған қойылатын экологиялық талаптарына сәйкестігін дәлелдейтін процедура.

**Экологиялық талаптар** дегеніміз – қоршаған орта мен адам денсаулығын қорғау, генофондын сақтау, табиғатты тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған заң жүзінде бекітілген заңнамалық және нормативті құжаттардың шектеулілігі.

**Экологиялық сертификациялық жүйе** дегеніміз – Қазақстан территориясында жүргізілетін мемлекет саясатына сәйкес сертификация туралы – экологиялық сертификация жүргізу үшін басқару мен өліндік ережелері бар процедуралық жүйе.

3. Міндетті сертификациялау жүйесін енгізу мынадай жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс:

- шаруашылық іс-әрекетерді жүргізу үшін табиғат қорғау заңдылықтарының міндетті экологиялық талаптарын іске асыру;
- технологиялық процестер мен қолданыстарды, экологиялық қауіпсіз өндірістерді енгізу;
- өндіріс қалдықтарын жою мен оны пайдалануда, тасымалдауда, орналастыруда, қайта өңдеу негізінде т.б. қоршаған орта ластануының алдын алу мен экологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтау;
- экологиялық қауіпті өнімдердің, қалдықтардың, технологиялар мен т.б. қызметтердің еліміз Қазақстанға келуін болдырмау;
- қоршаған ортаны сапалы басқару жөніндегі Қазақстанның халықаралық міндетін орындау және әлемдік рыноктағы еліміздің экономикасын интеграциялауды қолдау;
- Қазақстан табиғат қорғау талаптарының заңдылықтарына сәйкес мемлекеттік комитеттің экологиялық таңбалау мен экологиялық сертификаттау статусын белгілеу.

Қазіргі кезде экологиялық сертификаттауға халықаралық ұйымдардың назары аумп отыр. Экологиялық Таңбалау және тіркеу мәселелерімен Халықаралық (стандарттау бойынша халықаралық) ИСО ұйымы айналысады.

Экологиялық талаптарға сәйкес негізгі сертификаттау объектілеріне мыналар жатады:

- 1) Мекемелер және өндірістер, оның ішінде экспериментальды-тәжірибелік.
- 2) Қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін өнімдер.
- 3) Технологиялық процестер (табиғи байлықтарды дайындау мен өндіру, табиғи ресурстарды тасымалдау, өнімдер мен қалдықтарды сақтау, жою т.б.).
- 4) Өндіріс қалдықтары және оларды пайдала асыру (табиғи ресурстар мен өнімдерді тасымалдау).
- 5) Табиғи ресурстар (жер, су, орман ресурстары, жануарлар және өсімдіктер әлемі, қазба байлықтар, т.б.)

6) Экологиялық қызметтер (табиғат қорғау қолдырғыларын техникалық жөндеу, орнату және оның жұмыс жасауын қамтамасыз ету; рекультивация жасау, т.б.).

7) Қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесі.

Экологиялық талаптар бойынша сертификаттауды жүргізу кезінде экологиялық аудит қолданылуы мүмкін. Экологиялық сертификаттау объектілеріне қатысты аудит ішкі (сертификаттау объектісінің тапсырысы бойынша) және сыртқы (сертификаттау органдарының немесе зерттеу-аналитикалық лабораториялардың тапсырысы бойынша) болуы мүмкін.

### Халықарылық стандарттар

Экологиялық нормативтерді құру практикасы 2 негізгі этапты қалыптастырады. 1) нормалау мен ережелерді ғылыми негізде жасау; 2) оларға норматив статусын беру.

1-ші этап өзіндік экологиялық нормалауға, ал 2-ші этап стандартизациялау компетенцияға жатады.

Стандартизациялау қорытындысы болып стандарт түрінде нормалар мен ережелерді бекіту немесе құқықтық статуска сәйкес басқа да нормативтік құжаттарды орнату болып табылады.

Табиғат қорғау жөнінде стандартизация – бұл экологиялық нормалау принциптерін жүзеге асыру механизмі деп те аталады.

ҚР заңдарына сәйкес стандартизация – бұл экологиялық нормалау жағынан нормалар мен ережелерді жасайды немесе бекітеді. Ол мынадай мәселелерді қамтамасыз етуі тиіс:

- өнімдердің қауіпсіздігін, қоршаған орта мен адам денсаулығы және өмірінің сапалылығы;
- өлшеулердің өлшем бірліктеріп, оның ішінде экологиялық параметрлерді барлық ресурстар түрлерінің экономикасын;
- тәуекелдіктерді есепке алып, табиғи және техногендік катастрофаларды т.б. апаттық жағдайлардағы шаруашылық объектілердің қауіпсіздігін.

Стандарттау нәтижесінде бекітілген нормалар, ережелер және сипаттамалар мынадай стандарттармен берілген: Мем СТ (ГОСТы); СН и Ц.

ҚР-ның мемлекеттік құрылыс басқармасының құрылыс нормалары мен ережелері; Сан ЦиН – Санитарлық – гигиеналық нормативтерді – ҚР денсаулық министрлігі бекітеді; қоршаған орта сапасының стандарттары – ШРК (шекті рауалы концентрация); ШРШ (шекті рауалы шығарынды); ШРТ (шекті рауалы төгіңді); УҚШ ( уақытша келісілген шығарындылар); ШРЖ (шекті рауалы жүктеме ) т.б.

Сонымен қоршаған ортаның сапасын бағалау мақсатында қоршаған орта сапасының стандарттары жасалған. Стандарт – экологиялық және өндірістік – шаруашылық болып бөлінеді.

Экологиялық стандарт қоршаған ортаға шекті рауалы әсер нормаларын белгілейді.

Қоршаған табиғи орта сапасының барлық нормативтері 3 түрге (топқа) бөлінеді: санитарлық – гигиеналық, экологиялық (өндірістік – шаруашылық), қосалқы.

Қоршаған табиғи орта менеджменті (басқару) жүйесінде қойылатын талаптар ІР ИСО 1401 – 2000 стандарттарында көрсетілген. Ол біздің елдің аумағын қолданылатын халықаралық стандарт болып саналады.

Қоршаған ортаны басқаруға арналған халықаралық стандарттар қоршаған ортаны басқару жүйесін тиімді – іс – шаралар ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етуге арналған.

Бұл стандарт, қоршаған ортаны басқару жүйесінде нақты талаптар қоя алады. Оны географиялық, өнер және әлеуметтік жағдайларына байланысты барлық түрдегі және көлемдегі ұйымдарға (мекемелерге) қолдануға болады.

### **Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік стандарттар (Мем СТ)**

- Мем СТ 17.0.0.01-76 «Табиғи ресурстарды пайдалануды жақсарту және табиғатты қорғау жөніндегі стандарттар жүйесі. Негізгі ережелер.»
- Мем СТ 17.1.1.01-77 «Суды пайдалану мен қорғау. Негізгі терминдер мен анықтамалар.»
- Мем СТ 17.1.1.02-77 «Табиғатты қорғау. Гидросфера. Су объектілерін жіктеу»
- Мем СТ 17.1.1.03 – 78 «Табиғатты қорғау. Гидросфера. Су пайдалануды жіктеу.»
- Мем СТ 17.1.1.04-80 «Табиғатты қорғау. Гидросфера. Пайдалану мақсаттарына байланысты жер асты суларын жіктеу.»
- Мем СТ 17.1.2.04-77 «Табиғатты қорғау. Гидросфера. Балық шаруашылығы мен су объектілерінің таксациялық ережелері және көрсеткіштік жағдайлары.»
- Мем СТ 17.1.3.02-77 «Табиғатты қорғау. Гидросфера. Мұнай мен газдың теңіз скиннингдарын игеру және бұрғылау кездерінде суды ластанудан қорғау ережелері»
- Мем СТ 17.1.3.03-77 «Табиғатты қорғау. Гидросфера. Орталықтандырылған шаруашылық – ауыз сумен қамтамасыз ету көздерінің сапасын бағалау ережелері»
- Мем СТ 17.1.5.01-80 «Табиғатты қорғау. Гидросфера. Су объектілерінің түбінің ластануын талдау үшін пайдаланылатын үлгілерге жалпы талаптар»
- Мем СТ 18486 – 73 «Орман шаруашылығы. Терминдер және анықтамалар»
- Мем СТ 18486-73 «Орман шаруашылығы. Жалпы талаптар. Орман дақылдары»
- Мем СТ 17.5.1.02-78 «Табиғатты қорғау. Жерлер. Рекультивацияға жататын, табиғи калпы бұзылған жерлерді жіктеу»
- Мем СТ 17.5.1.04-80 «Табиғатты қорғау. Жерлер. Жер пайдалану түрлерін жіктеу»



- 17.5.3.01-78 «Табиғатты қорғау. Жерлер. Қалалардағы жасыл аймақтардың көлемі мен құрамы»

- Мем СТ 17.5.3.02-79 «Табиғатты қорғау. Жерлер. Автомобиль және темір жолдарының бойына отырғызылған қорғаушы орман жотеларына мемлекеттік орман қорынан бөлінетін жерлердің мөлшері»

- Мем СТ 17.5.1.03-78 «Табиғатты қорғау. Жерлер. Жерлерді биологиялық рекультивацияға жататын ашық және кедергі жасайтын тау-кен орындарындағы жыныстардың жіктелуі»

- Мем СТ 17.0.0.02-79 «Топырақ, су беті және атмосфераның ластануына бақылауды метеорологиялық қаптамасыздандыру. Негізгі ережелер.»

- Мем СТ 17.4.2.01-81 «Табиғатты қорғау. Топырақтар. Санитарлық жағдайларының номенклатуралық көрсеткіштері»

1) Қорғасын, сынап, кадмий 14.4.1.02-84 Мем СТ бойынша қауіптілігі жағынан жоғары тоң, 1-ші класқа жатады, биологиялық организмдер оларды қажет етпейді.

2) Топырақтың құрамындағы зиянды элементтердің санитарлық нормалар бойынша шектеу талаптарын бағылау (САНВИН 2.3.2.560-96, М-1997ж.)

3) Астық, жем, ірі пырынды мал азығы, тамыр түйнекті көкөністер мен түйнек жемісті көкөністердің сапалылығы үшін 07.08.87ж. КСРО МАОК ВББ бекіткен (123-4/281-7) химиялық элементтердің рұқсат етілген концентрациясы (РЕК) жөніндегі шектеу талаптары пайдаланылады.

1 – кесте

**Топырақтағы химиялық заттардың РЕК-і мг/кг**  
(Ресей денсаулық министрілігі бекіткен (3210-85, 01.02.85ж.))

Жаңы мөлшері					
Мышьяк	2,0	Сынап	2,1	Ванадий	150
Қорғасын	20	Хром	0,05	Мырыш	23,0
Марганец	1500	Мыс	3,0	Сурьма	4,5

2 – кесте

**Ресейде № 5061-89 мелико-биологиялық талап бойынша азық-түлік шикізаттары мен тағам өнімдері үшін мг/кг ішкі массаға шаққандағы ауыр металдар РЕК-і:**

Тағамдар	Pb	Cd	As	Hg	Cu	Zn
Астық	0,5	0,1	0,2	0,03	10,0	50,0
Бұршақ	0,5	0,1	0,3	0,02	10,0	50,0
Көкөніс	0,5	0,03	0,2	0,02	5,0	10,0
Жеміс	0,4	0,03	0,2	0,02	5,0	10,0

Өсімдік құрамындағы нитраттардың шекті мөлшері (НШМ):

№	Өнім	Шекті мөлшері мг, No3/кг	
1	Қапуста	900	-
2	Сәбіз	400	-
3	Помидор, кыяр	150	300-400
4	Асқабақ	200	-
5	Петрунка, ас көк т.б. жапырақты көкөніс	2000	3000
6	Қызылша	1400	-
7	Пияз	80	800
8	Көк пияз	600	-
9	Қауын	90	-
10	Қарбыз	60	-
11	Тәтті бұрыш	200	400
12	Кабачкы	400	400
13	Жүзін	60	-
14	Алма, алмури	60	-
15	Картон	250	-

5. Ресей Мем СТ классификаторы бойынша табиғат қорғау стандарттарына: 17-бөлім – «Табиғат қорғауға» бөлінген. Ол 10 (0-9) комплексінен тұрады. Номенклатурадағы 2-ші сан бұл: мысалы,

- 0 – ұйымдастыру - әдістемелік;
- 1 – суды қорғау және тиімді пайдалану;
- 2 – атмосфера қорғау;
- 3 – биологиялық ресурстарды қорғау және тиімді пайдалану;
- 4 – топырақ қорғау және оны тиімді пайдалану;
- 5 – жер игеруді жақсарту;
- 6 – флораны қорғау;
- 7 – фаунаны қорғау;
- 8 – ландшафттар түзу және оны қорғау;
- 9 – қазба байлықтарды қорғау және оны тиімді пайдалану;

3-ші сан бұл – комплексінің ішінде олар тонка бөлінеді:

- 0 – негізгі жағдай;
- 1 – терминдер, анықтамалар, классификациялар;
- 2 – табиғи ортаның сапа көрсеткіштері, ресурстарды интенсивті пайдалану көрсеткіштері мен ластану параметрі;
- 3 – табиғат қорғау ережелері мен оны тиімді пайдалану;
- 4 – шаруашылық әсерлерінің интенсивтілігі мен табиғи объектілер жағдайының параметрлерін анықтау әдістері;
- 5 – қоршаған ортаны бақылау мен өлшеуге арналған талаптар;
- 6 – қоршаған ортаны ластанудан қорғау жөніндегі аппаратуралар мен қондырғыларды орналастыруға қойылатын талаптар;
- 7 – әртүрлі стандарттар.

Номенклатурадағы 4-ші сан – осы топтағы комплекстің стандарт №-ін көрсетеді. Ал 5-ші сан – оның жасалған жолын көрсетеді.

### Экологиялық маркетинг жүйесі

